

«ЖАҢААРҚА АУДАНЫНЫҢ
БІЛІМ БӨЛІМІ»

МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



«ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ЖАНААРКИНСКОГО РАЙОНА»

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

БҰЙРЫҚ

14.08.2019 жыл

Атасу кенті

ПРИКАЗ

№ *88*

поселок Атасу

**Орта білім беру ұйымдарында
2019-2020 оқу жылының
басталуын, ұзақтығын
және каникул кезеңдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 29 шілдедегі №337 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына карамастан орта білім беру ұйымдарында 2019-2020 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 1) 2019-2020 оқу жылының басталуы 2019 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1- сыныптарда -33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда -34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
 - 3) Оқу жылының барысындағы каникул кезеңдері:
1-11 сыныптарда: күзгі каникул-7 күн (2019 жылғы 28 қазан-3 қарашаны қоса алғанда), қысқы -10 күн (2019 жылғы 30 желтоқсан-2020 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі-13 күн (2020 жылғы 21 наурыз- 2 сәуірді қоса алғанда);
1-сыныптарда: 7 күн мерзімде (2020 жылғы 3-9 ақпанды қоса алғанда) қосымша каникул белгіленеді.

000529

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім бөлімінің бас маманы Б.Кадирбаеваға жүктелсін.

Басшы



Т.Аштаев

